

ТМД-ЕЛДЕРІНІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Джонова З.З.

XX ғасырдың 90-жылдарынандағы басты оқиғалардың бірі – социалистік жүйенің және оның негізінде құрылған халықаралық экономикалық қатынастардың ыдырауы. Социалистік жүйенің темірқазығы болып саналатын Кеңестер Одағының бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге бөлінуі жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына, өндірістің қысқаруына, елдер арасындағы шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстардың әлсіреуіне апарып соқты. Соның нәтижесінде 50 жылға жуық 10 социалистік елді біріктіріп, үздіксіз жұмыс жасаған, үш құрлыққа қанат жайған Өзара Көмек Кеңесі (ӨКК) ұйымы өз қызметін тоқтатты. Бұл ұйымға мүше елдердің үлесіне дүние жүзінде өндірілетін ұлттық табыстың 25%-ы, өнеркәсіп өнімінің 30%-дан астамы, ауыл шаруашылығы өнімінің 20%-ы тиесілі болатын.

Кезінде кеңестер Одағы құрамында болған тәуелсіз мемлекеттер өздерінің экономикалық мақсаттары мен басым бағыттарын жүзеге асыра отырып, бұрынғы одақтас республикалар арасында тарихи қалыптасқан еңбек бөлінісі мен өзара ынтымақтастықтың қажеттілігіне көз жеткізді. Сөйтіп, ынтымақтастықты дамыту және одан әрі жетілдіру мақсатында Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы құрылған. Жаңа құрылған ТМД елдері экономикалық-әлеуметтік жағдайды орнықтырумен қатар, шекаралық мәселелермен де айналысуға мәжбүр болды. Өйткені Кеңестер Одағы кегізінен бері оңтүстіктегі көрші Қытай елімен шекаралық мәселелер өз мәніндегі дұрыс шешімін таппаған болатын. Бұл сұрақ төңірегіндегі бірден-бір шешім – өзара тиімділік жағдайында бейбіт келісімге келу. Осы мақсатта 1996 жылы «Шанхай бестігі» деп аталған, құрамында Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан және Тәжікстан кіретін жаңа ұйым құрылды. Бұл ұйым кейіннен Өзбекстанның қосылуына байланысты Шанхай келісім ұйымы (ШКУ) деп аталды. Шанхайлық келісім жайында Президентіміз Н.Назарбаев: «Біз жүздеген жылдар бойы шешімін таппаған шекара мәселесін шештік, болашақ ұрпақ онымен айналыспасын дедік» деп атап өткендей, бірінші кезекте шекара мәселелері ретке келтірілді. Келісім мүшелері мұнымен тоқталмай, енді аймақтық қауіпсіздік, діни экстремизм мен халықаралық терроризммен бірігіп күресуге, сондай-ақ сауда-экономикалық қатынастарды жақсартуға бет бұрды. Бұл туралы ең алғаш 2000 жылы наурыз айында Алматыда өткен саммитте айтылды. Онда жан-жақты экономикалық байланыстарды жақсарту және оған көршілес елдерді мүмкіндігінше қатыстыру мәселелері қарастырылды. Жалпы алғанда, 1996-2003 жылдар аралығында Шанхай келісіміне мүше елдер мемлекеттерінің басшылары жеті рет кездесу ұйымдастырылды. Шанхай келісім ұйымы саяси ұйым емес, ол елдер арасындағы өзара байланыстарды, яғни халықаралық және аймақтық

сипаттағы сауда-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, ғылыми-техникалық байланыстарды күшейту мақсатын көздейді.

ТМД елдерінің құрылуы жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуымен, өндіріс өнімдерінің кенет төмендеуімен, елдер арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-әлеуметтік байланыстардың қысқаруымен қатар жүрді. ТМД елдеріндегі өндіріс өнімінің жалпы төмендеуін 100% деп есептесек, оның 60%-ы шаруашылық байланыстардың үзілуімен төмендеді. /1/

Тәуелсіздік алып, қайта құрылған мемлекеттердің үкіметтері өз мемлекеттерінің мүдделері мен экономикалық басымдылықтарын қалыптастыра отырып, бұрынғы одақтас республикалар арасындағы тарихи қалыптасқан еңбек бөлінісін сақтау қажеттігін түсінді. ТМД елдері арасындағы өзара экономикалық ынтымақтастық 1992 жылдың күзінен басталды. 1993 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде мемлекет пен үкімет басшыларының қол қоюымен ТМД елдерінің экономикалық одағын құру туралы келісімшарт жасалды. Экономикалық одаққа алғашында 8 мемлекет, яғни Армения, Беларусь, Қазақстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдова кірді. Ал Украина қауымдастықтың мүшелігіне кейіннен кірді. Қазіргі кезде ТМД құрамы 12 елден тұрады, оған Әзірбайжан мен Грузия қосылды.

Елдер арасындағы қарым-қатынастар барлық елдер үшін тең мүмкіндіктер мен кепілдіктерді қамтамасыз етуге негізделіп, нарық экономикасы принциптеріне сәйкес құрылды. Бұл ТМД аумағында өзара тиімді, ауқымды экономикалық жобаларды жүзеге асыру; экологиялық мәселелер мен қиындықтарды шешу; жұмыс күшімен алмасу; қаржы-несиелік, сыртқы сауда, кедендік және валюталық саясатты келісу және тағы сол сияқты мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді.

1994 жылдың 15 суірінде қабылданған еркін сауда аймағын (ЕСА) құру туралы келісімге ТМД құрамына енетін барлық 12 мемлекеттің басшылары қол қойды. Еркін сауда аймағы кедендік одақ құрудың өтпелі кезеңі болып табылады.

1995 жылы Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан және Ресей кедендік одақ құрды, өзара қолайлы еркін сауда тәртібі қалыптасты. Мысалы, 1995 жылы кедендік одақ елдерімен тауар айналымы Беларусьте - 68%, Қазақстанда - 40%, Ресейде - 12%-ға өсті. Ал ТМД елдері ішіндегі жалпы тауар айналымы 2%-ға көтерілді. Бұл көрсеткіш 1996 жылы Беларусьте – 27%, Қазақстанда - 31%, Ресейде - 17% болып, ал ТМД елдеріндегі тауар айналымының жалпы өсімі 7%-ға жетті.

2000 жылы 6 қазанда Астана қаласында өткен кедендік одақ мүшелері – Қазақстан, Беларусь, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан үкімет басшыларының кеңесінде жаңа халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты (ЕЭК) құру туралы шешім қабылдады. Жаңа ұйым 2000 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық мемлекеттік кеңестің шешіміне сәйкес құрылды. Бұл ұйымның басты мақсаты – осы қоғамдастыққа енетін «бестіктің» шеңберінде біртұтас экономикалық

кеңістік қалыптастыру. Бұл ұйым дербес халықаралық құқығы бар ұйым болып саналады. Жаңа қауымдастықтың құрылуы – ТМД-ның құрамындағы елдердің экономикалық саясатты, оның ішінде микроэкономикалық, валюталық, қаржылық және әлеуметтік салаларды үйлестіруді көздейтін ынтымақтастық аясын кеңейтеді. ТМД елдерінің одағы құрылғалы бері ынтымақтастықты үйлестірудің қандай жолы тиімді деген талас тоқтамай келеді. 1992-1994 жылдары ұзақ мерзімге бағытталған бұрынғыдай біртұтас бір мемлекетті қайта құру туралы да шешімдер қабылданды. Бірақ тәжірибе көрсеткендей «бәрін бірден» деген принциппен интеграциялық құрылысқа көшу өзін-өзі ақтамады.

ТМД елдері басшыларының 1995-1997 жылдары қабылдаған шешімдері Ынтымақтастық елдерінің құқықтық мүмкіндіктеріне көбірек сәйкес келді. ТМД елдері шеңберіндегі халықаралық экономикалық қатынастар тәжірибесі интеграцияның жеке аймақтардан әр түрлі қарқынмен басталып, біртіндеп басқа аймақтарға көшуімен тиімді екендігін көрсетті. Мәселен, ең алдымен, «екілік» (Ресей мен Беларусь), одан кейін «үштік» (Орталық Азия мемлекеттер одағы), 1998 жылы ол Тәжікстанның кіруіне байланысты «төрттік» одақ болып қайта құрылды. Кедендік одақ, ГУАМА (Грузия, Украина, Әзірбайжан, Молдова) аймақтық бірлестіктері пайда болды. Соның нәтижесінде ТМД-ның барлық елдері (Түрікменстанды қоспағанда) бірнеше аймақтық экономикалық бірлестіктер тобына бөлінді. Бірақ бұл топтар *анклав* болып саналмайды. Оталық Азия одағына кіретін елдер (Өзбекстаннан басқасы) кедендік одаққа мүше, сол сияқты «екілік», одақ «төрттік» одақтың белсенді мүшелері болып табылады. ТМД елдері шеңберіндегі интеграциялық үрдістің дамуы әлі де бастапқы сатыда. Әлемдегі 30-50 жылдан астам қызмет еткен аймақтық интеграциялық топтардың тәжірибесіне көз салсақ, ТМД елдері толыққанды экономикалық одақ құру үшін қандай қиындықтарға ұшырасатындығын болжау қиын емес. Оған күнделікті өмір шындығында көзіміз жетіп отыр. Бірақ қалай болғанда да біртұтас экономикалық кеңістікті қалпына келтіру ТМД елдеріне әжептәуір экономикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Мәселен, қосымша инвестиция салмай-ақ негізгі өнім өндіруді 1,5 есе арттыруға болады. Нақты айтсақ электр энергиясын өндіруге кететін жиынтық шығынды 20%-ға, металлургия өнеркәсібінде 15%-ға, машина жасауда 25%-ға төмендетуге мүмкіндік туады. ТМД елдерінің сыртқы экономикалық қызметтерін үйлестіруді жақсарту арқылы жиынтық сыртқы сауда балансын 15-20 млрд АҚШ долларына арттыруға болады. Ең бастысы, ТМД елдеріндегі нағыз экономикалық интеграция олардың экономикалық жағдайының көтерілуіне қажетті тұрақты жағдай жасайды. /2/

ТМД құрамына енетін елдер арасындағы әлеуметтік-мәдени байланыстардың ұзақ тарихы бар. Ежелден тарихи көрші болып келген елдер арасындағы байланыстар 70 жылдан астам тарихы бар кеңестік дәуірде одан әрі тереңдеген болатын. Кеңестер Одағы ыдыраған соң, бұл байланыстардың барлығы да туындап отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар тұрғысынан қайта қаралды. ТМД елдері құрылып, елдер дербес мемлекет

дәрежесінде қатар дамып жатқалы он жылдан астам уақыт өтті. Осы аралықта үзіліп қалған әлеуметтік-мәдени байланыстар қайта қалпына келтірілуде. Осы мақсатта Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде ғылым мен технологияның басты бағыттарын зерттеу және игеру, ұлттық білім беру жүйелерін қалыптастыру, ғылым мен мәдениетті дамыту, әлеуметтік дамуының ең төменгі көрсеткіштерін деңгейлестіру мақсаттарын көздейтін көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстан президенті Н.Назарбаевтың ұсынысы бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (ЕУК) мүше елдер «Қарапайым халыққа қарай он қадам» деп аталатын, құрамы 10 түрлі келісімдерден тұратын шешім қабылдады. Бұл келісім халықтың білім мен дәрігерлік жәрдем алуын, азаматтық алуан, ғылым мен мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаттарын көздейді. Қазақстан алғашқылардың бірі болып, осы шешім шеңберіндегі барлық мәселені қамтитын заңды құжаттарды толық тапсырды.

Кеңестің өткен мәжілістерінде ақпарат алмасу ынтымақтастығына қатысты көптеген мәселелер талқыланған болатын. Ал биылғы басқосуда бұларға қоса тағы бірнеше мәселе талқыға салынды. Соның ішінде ең маңыздылары – аталмыш кеңеске мүше елдер арасында пошта операторларының ақпараттандыру жүйесі бойынша қарым-қатынасы, қазіргі заманғы спутниктік технологиялар мен оның жүйесін дамыту, кеңеске қатысушы елдердің телекоммуникация желісіне жаңа технологиялар енгізу мен кеңестің алдағы жылға арналған қаржылық жоспарын талқылау мәселелері болды./3/

ТМД-ның өз стратегиясы бар. Стратегияны іске асыру жоспары оны орындау және дайындау бағытымен үш кезеңде жүзеге асырудың нақты шаралары көрсетіліп, әрбір кезеңнің сапалы ерекшеліктері айқындалмақ. Сонымен бірге Стратегия талаптарын біртіндеп іске асыру экономикалық салада интеграциялық үдерістердің дамуын қамтамасыз етпек. /4/

Сонымен қатар ТМД-ға мүше мемлекеттердің әрқайсысының әлеуметтік-экономикалық күш-қуатын толықтай пайдалануға, әрбір елдің экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың әлемдік экономикаға сенімді түрде қадам басуына және азаматтардың тұрмыстық жағдайын жүйелі түрде арттыруға ықпал етпек.

Саммит барысында мүше мемлекеттердің шекаралық ынтымақтастығы жөніндегі Конвенцияға және ТМД-ға мүше мемлекеттердің шекаралық ынтымақтастығы және аймақаралық кеңесі жөніндегі келісімге де қол қойылды. Есірткі заттарының заңсыз айналымының әлемге төндіріп отырған ауқымды қауіп-қатерін ескере отырып, Мемлекет басшыларының есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен күрестегі ынтымақтастық қарқынын арттыру жөніндегі ұсынысы қабылданды. Қырғызстан саммитінің төрағасы бұл кездесудің ТМД-ға мүше мемлекеттердің елдер арасындағы ынтымақтастыққа деген ортақ ұмтылысын, сон-дай-ақ Достастыққа мүше мемлекеттердің түгелдей дерлік интеграциялық үдерістерді келешекте нығайтуға деген ұмтылысы айқын аңғарылғандығын атап айтты. /5/

Көпшілікке белгілі ТМД елдері басшыларының мемлекеттік деңгейде өткен жиындарының барлығында дерлік ежелгі уақыттардан бері орныққан байланыстарды одан әрі жетілдіріп, тереңдету мәселесіне баса назар аударылды. Өйткені, мемлекеттер арасындағы шынайы достық пен өзара ынтымақтастық ең алдымен саяси және экономикалық-әлеуметтік салаларда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізетіндігі айдан анық. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің Бішкекте өткен кезекті жиынының басты тақырыбы “Достастық елдерінің 2020 жылға дейін экономикалық даму стратегиясын” талқылау төңірегінде өтуінің маңызы жоғары екендігін атап айту қажет. Бүгінгі саммитке басшылық етушілер үшін энергетикалық мәселе күрделілік тудырып отырғандығы жасырын емес. Елде электр қуатының жетіспеушілігі айқын аңғарылуда. Билік болса, тұрғындарды электр қуатын үнемдеуге шақыруда. Күн тәртібінде тұрған бұл мәселе – жалғыз Қырғызстан үшін емес, энергетика саласындағы ауқымды күрделіліктер Орталық Азия елдерін жалпылай алғанда біршама қиындықтарға тап келтіруде./6/

Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықта әсіресе экономикалық байланыстар орнының ерекше екендігін ескерсек, мұның өзі маңызды мәселе екендігі сөзсіз. /7/

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев қатысқан ЕурАзЭҚ мемлекетаралық кеңесі және Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуінде – энергетикалық саладағы басым бағыттарға назар аударылуы құптарлық жәйт. Атап айтқанда, президенттер назарына ТМД-ға мүше мемлекеттер өзара қарым-қатынасының өзегі болып есептелінетін энергетика саласындағы 2009 жылғы ынтымақтастықты айқындайтын мәселенің ұсынылуы көп нәрседен хабар берсе керек.

Шекаралық ынтымақтастық: іс және ізденіс. Саммиттің күн тәртібіндегі қандай мәселе болсын оның өзіндік маңыздылығы мен мәні бөлек, дегенмен олардың арасында ерекше орын алатындары да аз емес. Мәселен, ТМД елдерінің келешектегі даму тұжырымдамасына сәйкестендіріліп жасалған құжаттар пакетінің маңызы, орны мүлдем бөлек десек, артық айтқандық емес. Бұл орайда Достастықтың дамуы және оның нығаюы жолындағы белсенді қызметті көздейтін іс-шаралар бар. Олар қызметтің тиімділігін арттырып, Достастық алдында тұрған ауқымды іс-шаралардың шешімін табуға көмектеспек. Ал ТМД-ға мүше мемлекеттердің ұлттық үйлестірушілері туралы ереже жобасында – ұлттық үйлестірушілер ТМД аясында қабылданған құжаттарды жүзеге асыруға бақылау орнату үшін сайланатындығы да ескерілген. Жасыратыны жоқ, Достастық мемлекет-терінің жан-жақты өзара қарым-қатынасындағы маңызды мәселелердің бірі – шекаралық ынтымақтастық болып саналады. Басшылардың назарына ұсынылған ТМД-ға мүше мемлекеттердің шекаралық ынтымақтастығы туралы құжат жобасы құқықтық-нормативтік акті болып есептелініп, ТМД аясында шекаралық ынтымақтастықтың құқықтық алаңын жасауға ықпал етпек. ТМД басшыларының отырысы сонымен қатар 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65

жылдығын мерекелеу және оған дайындық бойынша негізгі іс-шаралар жоспары жобасын, қауіпсіздік саласына қатысты мәселелерді талқылап, толықтай мақұлдады. Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойын өз деңгейінде өткізумен бірге ардагерлерді әлеуметтік жағынан қолдау мәселесі де басшылар назарынан тыс қалған жоқ. /8/

Президент Н. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2030» жолдауында « Ұлттық мүдделерді қолдауды. Сондай-ақ таяудағы және алыс перспективалардағы күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз етудегі біздің зық қаруымыз – интеграция саясаты, бірінші кезекте Қазақстанның, Қырғызстанның, және Өзбекстанның арасындағы Орталық Азиялық Одақты нығайтуға қарсы тұру емес, басқа мемлекеттің істеріне араласпау, келісімге келу актілері үстем болуы тиіс» - деп атап көрсетті. /9-10/

Әдебиеттер:

1. Әлісұлтан ҚҰЛАНБАЙ. 2007-11-13: «Егемен Қазақстан» газеті
2. Дастан КЕНЖАЛИН. “Егемен Қазақстан” Республикалық газеті" ААҚ, 2008-10-11:
3. Егемен Қазақстан газеті №336 (25733) 14 ҚАЗАН СӘРСЕНБІ 2009 ЖЫЛ
4. «Егемен Ақпарат» сайт: www.google.kz